

Павлодар қаласы әкімінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 18 қарашадағы " Павлодар қаласының және Павлодар қаласы елді мекендерінің аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 9 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 2025 жылғы 26 ақпандағы № 7 шешімі

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес және жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың толық жойылуына байланысты Павлодар қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Павлодар қаласының және Павлодар қаласы елді мекендерінің аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Павлодар қаласы әкімінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 18 қарашадағы № 9 шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 202909 болып тіркелген).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Д. Амановқа жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Х. Хабылбеков